

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының»2006 жылғы 27 қазандағы N 113 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4448 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 228 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды алу бойынша оңтайлы жұмыс істеуге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1232 тіркелген; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1671 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне өзгерісті бекіту туралы" 2001 жылғы 29 қыркүйектегі N 376 қаулысы; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2457 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне өзгеріс енгізу туралы" 2003 жылғы 25 шілдедегі N 234 қаулысы; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3392 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Айналыстағы Ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген

кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 202 қаулысы; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4343 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 25 шілдедегі N 69 қаулысы) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесінде:

11-тармақтың 1) тармақшасында:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке және заңды тұлғаларға банкоматтар арқылы қолма-қол ақша беруді қосқанда өз кассаларынан ескі үлгідегі ақша белгілерін беруді жаңа үлгідегі ақша белгілері айналысқа енгізілген уақыттан (күннен) бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде тоқтатады;"

үшінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Қолма-қол ақшамен жұмыс департаменті (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күн ішінде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.А.Әлжановқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы